

**"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №250-45/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 ақпандағы № 309-57/1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 ақпанда № 7264 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 315-58/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 26.03.2020 № 315-58/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 250-45/2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6906 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларына қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруге - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын (оқу жылы кезеңінде) көрсетіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының  
кезектен тыс XXXXXVII сессиясының  
төрағасы, Қызылорда қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Р. БУХАНОВА*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облысының жұмыспен  
камтуды үйлестіру және әлеуметтік  
бағдарламалар басқармасы"  
мемлекеттік мекемесімен*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ